алдын алу жұмыстарының жүргізлуі» жөнінде ақпараттық технология арқылы видео , слайд материалдарын орынды пайдалана отыра келе , Күн тәртібіндегі мәселе жөнінде көптеген ат-аналарды толғандыратын төмендегідей мәселелерді баяндап берді.
«2021-2022 оқу жылы бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Мектеп оқушыларының тәртіптері таңғы жаттығуға қатысымынан бастап сабақ соңына дейін мектеп әкімшілігі тарапынан. «Тәртіп сақшылары» отрядтары , класс жетекшілер сабақ уақытындағы, үзіліс кезіндегі бақылаулары күшейтіліп қадағаланып келеді. «Тәртіпке бағынған – құл болмас» деп дана халқымыз айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді. Құқық қызметкерлерінің мәлімдемелеріне назар аударар болсақ кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы телефондарды ұрлау жиі орын алуда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылады. Отбасында балаға дер кезінде қадағалау болып, ата-ана мен бала арасында сенімділік, достық сынды адами құндылықтар орнаса бала қылмыстық істерге бармасы анық. Отбасында жасөспірімдердің қылмысқа бармауын қадағалау жұмыстары басым болуы керек.
Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалануына аса мән беру қажеттілігін айтты.
Ата-аналарға «Неке және отбасы» заңына сәйкес баласының мінез-құлқын бақылау және сабақтан тыс уақытын қамтамасыз ету, интернет пен әлеуметтік желілерді болу уақытын шектеу туралы ұсыныс берілді.
Класс жетекшілер «Жасөспірім және қару, құқықтық жауапкершілік» тақырыбында мектеп инспекторының қатысуымен ата-аналармен бірлесе жиналыс пен класс сағаттарын өткізді.
Кеңес төрағасы Жумагулов Нурсултан Оразович. қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі:Смагулова С.Т: Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылы №44 А (К) ЖББМ-те Қамқоршылық кеңес құрамы мүшелері өз міндеттерін лайықты орындағандықтарын атап өте келе «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілуі» жөнінде өз ойын ортаға салды. Әр ата-ана өз балаларының болашағы , тағдыры алдында жауапты екендігін, көпшілік ата-ана баланың тек тамағы, киім киісі ғана емесғ рухани мұқтаждығын қамтамасыз ету мақсатында баламен әр уақыт санасып, қадағалап, көңіл бөліп отыруы міндетін естен шығаратындығын мәлімдеді. «Қазақ елін көркейтетін болашақ ұрапқтарымызды тәрбиелеуде ата- аналар қырағы болуымыз қажетпіз» де үндеу тастады.
Қамқоршылық кеңестің мүшесі: Камысбаев Т. №44 А (К) ЖББМ-те «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың аллын алу» жұмыстарының жүргізілу мәселелері туралы бірлесе, пікір таластыра келе, күн тәртібіндегі мәселе «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілуі жөнінде ұсыныстар жасады.
**2-ші мәселе бойынша :** Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің шешілу жайы бойынша мектеп директоры Гумарова Г.У. сөз сөйледі:

Жыл сайын өрт немесе өзге де төтенше жағдайлар болған жағдайда адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмеу мақсатында осындай жағдайларда қалай әрекет ету керектігін білуі үшін №44 А (К) ЖББМ-те адамдарды ғимараттан эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулар өткіземіз. Өкінішке орай, осындай жаттығуларға адамдардың көпшілігі әрдайым қатыспайды, оларға бұл белгілі бір ойын сияқты көрінеді. Дегенмен, адамдардың денсаулығы мен өміріне нақты қауіп төнген жағдайда мұндай білімнің маңыздылығын бағалау өте қиын.